

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша  
аналитикалық анықтама**

**«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КЕАҚ**

Астана қ.

2026 жылғы «30» наурыз

*Кіріспе бөлім*

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісінің толық атауы: «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негіздері:

1) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағы;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі:

2026 жылғы 12 ақпаннан 31 наурызға дейін.

Талданатын кезең:

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезең.

Жұмыс тобының құрамы:

1) Жұмыс тобының жетекшісі – комплаенс-офицер Ахметова Назира Серіковна;

2) Жетекшінің орынбасары – Стратегиялық даму жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары Павловец Лариса Павловна.

Жұмыс тобының мүшелері:

1) Оразаева Алма Алтынғазынқызы – құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы;

2) Шүгелова Айжан Тұрсынқызы – адам ресурстарын басқару бөлімінің бастығы;

3) Аханова Айнұр Жеңісқызы – бас бухгалтер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау Қоғам Басқарма төрағасының 2026 жылғы 11 ақпандағы №27-нқ бұйрығы негізінде жүргізілді.

*Сипаттамалық бөлім*

Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы №25 қаулысына сәйкес құрылды «Мемлекеттің жарғылық капиталындағы жүз пайыз қатысуымен «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы».

Қоғамның құрылтайшысы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады және кіріс алуды негізгі мақсат ретінде көздемейді.

Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

### **1-тарау. Қоғам қызметіне әсер ететін ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Ішкі талдау шеңберінде зерттелген Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының тізбесі:

1. Қоғам қызметкерлерінің еңбекақысы мен уәждемесі жөніндегі біліктілік комиссиясы туралы ереже;
2. Дәрілік заттарды басқару және пайдалану саясаты;
3. Негізгі құралдарды есептен шығару және беру жөніндегі нұсқаулық;
4. Пациенттерді ақылы тәулік бойы және күндізгі стационарға қабылдау және жатқызу саясаты;
5. Есеп саясаты.

Дәрілік заттарды басқару және пайдалану саясаты «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КЕАҚ Басқарма төрағасының 2024 жылғы 09 қаңтардағы №12-нқ бұйрығымен бекітілген.

Негізгі құралдарды есептен шығару және беру жөніндегі нұсқаулық «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КЕАҚ Басқармасының 2024 жылғы 26 маусымдағы №6 шешімімен бекітілген.

Пациенттерді ақылы тәулік бойы және күндізгі стационарға қабылдау және жатқызу саясаты «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КЕАҚ Басқарма төрағасының 2024 жылғы 09 қаңтардағы №12-нқ бұйрығымен бекітілген.

Есеп саясаты «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КЕАҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 20 қазандағы №8 шешімімен бекітілген.

#### *Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері*

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1. Қызметкерлердің еңбекақысы жөніндегі біліктілік комиссиясы туралы ережені (бұдан әрі – Ереже) талдау барысында келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды:

1) комиссия мүшелерінің мүдделер қақтығысы. Ережеде комиссия құрамына Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіретіні көзделген, олар қызметкерлерге санат беру үшін ұсынады, сондай-ақ үстемақылар белгілеуді бастамашылық етеді. Осыған байланысты мүдделер қақтығысы туындайды, яғни «өз» қызметкерлерінің мүдделерін лоббилеу және объективті емес дауыс беру тәуекелі бар.

2. Негізгі құралдарды есептен шығару және беру жөніндегі нұсқаулықты (бұдан әрі – Нұсқаулық) талдау барысында келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды:

1) негізгі құралдарды есептен шығару және беру жөніндегі комиссия құрамындағы мүдделер қақтығысы. Функциялардың бөлінбеуі және комиссия құрамына негізгі құралдардың есебіне жауапты тұлғалардың, материалдық жауапты тұлғалардың және есептен шығаруды бастамашы тұлғалардың енгізілуі көзделген. Аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі іске асқан жағдайда негізсіз есептен шығару, сондай-ақ жетіспеушіліктерді жасыру сияқты салдарлар туындауы мүмкін.

## **2-тарау. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі тәуекелдер**

### **1. Персоналды басқару**

2025 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша – 674 қызметкер.

Қоғамда әзірленген және бекітілген: Кадр саясаты, кадр резерві туралы ереже, Қоғам қызметкерлерінің еңбекақысы мен уәждемесі туралы қағидалар, персоналмен жұмыс жөніндегі нұсқаулық.

Қызметкерлердің лауазымдық айлықақысының мөлшері штаттық кестеге сәйкес белгіленеді.

Қызметкерлерге, уәждемені арттыру мақсатында, бюджетте үнем болған жағдайда мемлекеттік, ұлттық және кәсіби мерекелерге сыйақы төленуі мүмкін.

### **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру Қоғамда Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамда келесі құжаттар әзірленген: Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Іскерлік әдеп кодексі, мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты, комплаенс-қызмет туралы ереже, қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар тиісті жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамда «Сенім телефоны» жедел желісі жұмыс істейді – телефон желісі және электрондық пошта. Жедел желі арналары туралы ақпарат Қоғамның интернет-порталында орналастырылған.

2025 жыл ішінде «Сенім телефоны» жедел желісі арқылы өтініштер түскен жоқ.

2025 жылы Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері анықталған жоқ.

### **3. Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу.**

Қоғамның жылдық бюджетін қалыптастыру, қайта қарау (түзету), оның орындалуын мониторингтеу және қаражаттың жұмсалуына бюджеттік бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі №18 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Қоғамның даму жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Жылдық бюджетті бекіту, сондай-ақ қаражаттың жұмсалуына бюджеттік бақылау Қоғамның Директорлар кеңесімен жүзеге асырылады.

Қоғам жыл сайын қаржылық есептілікке тәуелсіз аудит жүргізеді, ол пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы ақпаратты, меншікті капиталдағы өзгерістерді және өткен жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысын, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінен және өзге де түсіндірме ақпараттан тұратын ескертпелерді қамтиды.

Қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес Қоғамның қаржылық жағдайын, сондай-ақ қаржылық нәтижелерін және бір жыл ішіндегі ақша қаражаттарының қозғалысын барлық елеулі аспектілерде дұрыс көрсетеді.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Сатып алу жоспары бекітілген күннен бастап, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде сатып алу веб-порталында орналастырылады.

Сатып алуды ұйымдастырушы біліктілік талаптарының жобаларын, техникалық ерекшеліктерді әлеуетті өнім беруші тарапынан Қағидаларда көзделмеген талаптарды белгілеуге жол бермеу тұрғысынан, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін айқындайтын сипаттамаларды белгілемеу бөлігінде қарайды. Біліктілік талаптарының жобаларына, техникалық ерекшелікке (техникалық тапсырмаға) ескертулер болған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы көрсетілген құжаттардың жобаларын пысықтауға қайтарады.

2025 жылы Қоғамға мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

#### 4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қоғамның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімі мен картасы (1-қосымша), сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін лауазымдар тізбесі (2-қосымша) жасалды.

Осылайша, 2025 жылы келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалды:

- кадрлық тәуекел (КР);
- мемлекеттік сатып алу тәуекелі (МСТ);
- құқықтық тәуекел (ҚТ);
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, азаматтардың шағымдары (БАҚ);
- Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарындағы тәуекелдер (ІНК);
- мүдделер қақтығысы (МК).

*Қорытынды бөлім.*

*Ұсынымдар.*

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қоғамға келесілер ұсынылады.

1. Қоғам қызметкерлерінің еңбекақысы бойынша біліктілік комиссиясы туралы ережеде мүдделер қақтығысын барынша азайту мақсатында:

1) келесі норманы енгізу ұсынылады: «Біліктілік комиссиясының мүшелері мәселені қарау басталғанға дейін мүдделер қақтығысының (жеке мүдделіліктің) бар екендігі туралы хабарлауға міндетті және тиісті мәселені қарауға қатысудан өзін-өзі шеттетуге жатады»;

2) өзін-өзі шеттетуді хаттамада қосымша тіркеу және мүдделер қақтығысын жасырғаны үшін жауапкершілікті көздеу;

3) келесі тармақты енгізу ұсынылады: «Біліктілік комиссиясының қызметі ашықтық, объективтілік, мүдделер қақтығысына және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу қағидаттары негізінде жүзеге асырылады».

2. Негізгі құралдарды есептен шығару және беру жөніндегі нұсқаулықта мүдделер қақтығысын барынша азайту мақсатында құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің қызметкері тарапынан негізгі құралдарды есептен шығару және беру рәсімдеріне кейінгі (таңдамалы) мониторинг жүргізу тетігін көздеу ұсынылады.

Басқарма төрағасы м.а.



А. Алтынбекова

Комплаенс-офицер



Н. Ахметова